

ӘБ отырысында қарастырылды Рассмотрено на заседании МО Хаттама № <u>1</u> / Протокол № <u>1</u> ӘБ жетекшісі <u>[signature]</u> Жақсылыкова Г.О 28.08.2023 Руководитель МО <u>[signature]</u> Жақсылыкова Г.О 28.08.2023	Келісілді Соголасовано Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Амиянова Р.Б. <u>[signature]</u> 28.08 2023 г. Заместитель директора школы по УВР Амиянова Р.Б. <u>[signature]</u> 28.08 2023 г.	Бекітемін Утверждаю «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Оқжетпес ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры Ескеева К.С. <u>[signature]</u> 29.08.2023г Директор КГУ «Общеобразовательная школа села Оқжетпес отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области» Ескеева К.С. <u>[signature]</u> 29.08.2023 г.
---	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2023 -2024 оқу жылына арналған 0 «ә» сыныбының ұйымдастырылған
қызметтің перспективалық жоспары**

**Перспективный план организованной деятельности
для 0 «э» класса на 2023- 2024 учебный год
на основе Типового учебного плана дошкольного воспитания и обучения
и Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения**

Тәрбиеші: Нұршаріпова Нұргүл Дүйсенбайқызы
Воспитатель: Нуршарипова Нургуль Дюсенбаевна

2023-2024 оқу жылы
2023-2024 учебный год

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;

- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

- 1.«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 2.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған ісәрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 3.Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.
- 4.Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі
- 5.Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі.
- 6.Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі,
- 7.«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

_____ К.С.Ескеева

Мектепалды даярлық О «а» сыныбының 2023-2024 оқу жылындағы

Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері	Уақыты	*Ұйымдастырылған іс-әрекет
Дүйсенбі	09 ⁰⁰ -09 ²⁵	Сөйлеуді дамыту
	09 ³⁵ -10 ⁰⁰	Қоршаған орта
	10 ¹⁰ -10 ³⁵	Қазақ тілі
	10 ⁴⁵ -11 ¹⁰	Дене шынықтыру
Сейсенбі	09 ⁰⁰ -09 ²⁵	Сауат ашу негіздері
	09 ³⁵ -10 ⁰⁰	Математика негіздері
	10 ¹⁰ -10 ³⁵	Қазақ тілі
	10 ⁴⁵ -11 ¹⁰	Музыка
Сәрсенбі	09 ⁰⁰ -09 ²⁵	Сауат ашу негіздері
	09 ³⁵ -10 ⁰⁰	Математика негіздері
	10 ¹⁰ -10 ³⁵	Сөйлеуді дамыту
	10 ⁴⁵ -11 ¹⁰	Дене шынықтыру
Бейсенбі	09 ⁰⁰ -09 ²⁵	Сауат ашу негіздері
	09 ³⁵ -10 ⁰⁰	Математика негіздері
	10 ¹⁰ -10 ³⁵	Көркем әдебиет
	10 ⁴⁵ -11 ¹⁰	Дене шынықтыру
Жұма	09 ⁰⁰ -09 ²⁵	Көркем әдебиет
	09 ³⁵ -10 ⁰⁰	Қоршаған орта
	10 ¹⁰ -10 ³⁵	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру)
	10 ⁴⁵ -11 ¹⁰	Музыка

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

_____ К.С.Ескеева

**2023-2024 оқу жылына арналған
мектепалды даярлық сыныбының
(5 жастағы балалар)
КҮН ТӘРТІБІ**

р/с	<i>Күн тәртібінің кезеңдері</i>	<i>Уақыты (сағат, минут)</i>
1	<i>Балаларды қабылдау</i>	<i>08:30-08:40</i>
2	<i>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу.</i>	<i>08:30-08:40</i>
3	<i>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)</i>	<i>08:40-08:45</i>
4	<i>Таңертеңгі жаттығу</i>	<i>08:50-08:55</i>
6	<i>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)</i>	<i>08:55-09:00</i>
7	<i>Кестеге сәйкес ҰІӘ</i>	<i>09:10-09:25 09:35-10:00 10:10-10:35 10:45-11:10</i>
8	<i>Серуенге дайындық</i>	<i>11:20-11:30</i>
9	<i>Серуен</i>	<i>11:30-12:00</i>
10	<i>Серуеннен оралу</i>	<i>12:05-12:10</i>
11	<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>12:10-12:20</i>
12	<i>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</i>	<i>12:20-12:30</i>
13	<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>12:30-12:45</i>

Білім беру ұйымы: «Оқжетпес орта мектебі»

Топ/сынып : Мектепалды даярлық 0 «ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күні
Қыркүйек	Дене шынықтыру	-Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін	04.09
		- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету	06.09
		- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету	07.09
		-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).	11.09
		-таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету	13.09
		-Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету	14.09
		-«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру	18.09
		- модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру	20.09
		Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету	21.09

		- алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру	25.09
		- музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру	27.09
		- бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу	28.09
		-«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	04.09
	Сөйлеуді дамыту	- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту	06.09
		- Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.	11.09
		- Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту	13.09
		-«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету	18.09
		- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	20.09
		- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу	25.09
		- Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	27.09
Қыркүйек	Көркем әдебиет	- Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	01.09
		- Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	07.09
		- балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру	08.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	14.09
		- Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру	15.09

Қыркүйек		- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру,	21.09
		- жеміс түрлерімен таныстыру ,жемістер пайдалы екенін айту, көңіл күймен мазмұндауға үйрету.	22.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.	28.09
		- Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу	29.09
	Сауат ашу негіздері	- Дыбыс туралы түсінік беру.	05.09
		-дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	06.09
		-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр	07.09
		-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету	12.09
		- Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру	13.09
		-А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу	14.09
		-дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру	19.09
		-жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру	20.09
		- Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру	21.09
		-Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру	26.09
		-дауысты дыбыстар туралы білгенін айту	27.09
		-: тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету	28.09
		-«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту	05.09

Қыркүйек	Математика негіздері		
		-балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.	06.09
		- балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету	07.09
		-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше»(«көп») терминдерін енгізу	12.09
		- Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу	13.09
		- бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату	14.09
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету	19.09
		- цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру	20.09
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету	21.09
		- 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру	26.09
		-7, 8, 9 сандарын санату, заттарды санау дағдыларын дамыту	27.09
		- дұрыс санау мен зейін мен логикалық ойлауды дамыту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	28.09
Қыркүйек	Қоршаған ортамен таныстыру	- Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.	01.09
		- Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.	04.09
		- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап	08.09

		көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.		
		- Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру		11.09
		- Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен карауға үйрету		15.09
		-«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру		18.09
Қыркүйек	Қоршаған ортамен таныстыру	-Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.		22.09
		- Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту		25.09
		Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту		29.09
Қыркүйек	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.	01.09
		Мүсіндеу	- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарын мүсіндеу	
		Жапсыру	- жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету	
		Құрастыру	- табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындай білуге үйрету.	
		Сурет салу	- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру,	08.09
		Мүсіндеу	- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау,	

			түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру	
	Жапсыру		- қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту	
	Құрастыру		- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу	
	Сурет салу		- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту	15.09
	Мүсіндеу		-тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету	
	Жапсыру		- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру	
	Құрастыру		- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру	22.09
	Сурет салу		- балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету	
	Мүсіндеу		- ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту	
	Жапсыру		- саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру	
	Құрастыру		- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру	29.09
	Сурет салу		- балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру	
	Мүсіндеу		- маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту	
	Жапсыру		- жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру	
	Құрастыру		- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру	

Қыркүйек	Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету	01.09
		- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту	05.09
		- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.	08.09
		- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру	12.09
		- Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру	15.09
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау	19.09
		- Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру	22.09
		-. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.	26.09
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру	29.09
Қыркүйек	Қазақ тілі	- Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	04.09
		-сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту	05.09
		-мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру	11.09
		-мамандық иелерін құрметтеуге баулу	12.09
		- Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету	18.09
		- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	19.09
		- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу	25.09
		-көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру	26.09

Білім беру ұйымы: «Оқжетпес орта мектебі»

Топ/сынып : Мектепалды даярлық 0 «ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі Қазан айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күні
Қазан	Дене шынықтыру	-Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту	02.10
		- Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту	04.10
		-Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.	05.10
		- Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту	09.10
		-Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту	11.10
		- Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру	12.10
		Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру	16.10
		-скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру	18.10

		-әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;	19.10
		-гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту	23.10
		Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру	26.10 (кірікт.25.10)
		-бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру	
Қазан	Сөйлеуді дамыту	- Отбасы туралы білімдерін кеңейту.	02.10
		-Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау	04.10
		-«Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру.	09.10
		- Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету	11.10
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету	16.10
		-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)	18.10
		-Артикуляциялық жаттығулар жасау	23.10 кірікт. (25.10)
		-Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу	25.10
Қазан	Көркем әдебиет	- Ойыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	05.10
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	06.10
		- Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту	12.10
		- ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту,	13.10
		-диалогты сөйлеуін қалыптастыру	19.10

		- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру	20.10
		-жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер),	26.10
		-мәнерлеп Өлеңдерді жатқа, интонациямен айту	27.10
Қазан	Сауат ашу негіздері	-Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	03.10
		-Ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	04.10
		-Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету	05.10
		-Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	10.10
		-Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	11.10
		-Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	12.10
		- Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау	17.10
		-Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау	18.10
		- Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру	19.10
		-сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау - Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету	24.10(кірікт.2 5.10)
		- сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу	26.10
Қазан	Математика негіздері	0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру	03.10
		- 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.	04.10
		- Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету	05.10

		- Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.	10.10
		- ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.	11.10
		- Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.	12.10
		-Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру	17.10
		-Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру	18.10
		-Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру	19.10
		- денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.	24.10
		- Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру	(кірікт. 25.10)
Қазан	Қоршаған ортамен таныстыру	- денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.	26.10
		- Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру	02.10
		- Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, 1 бір-бірінен ажырата білуге үйрету	06.10
		- Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру	09.10
		-Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді мектепке баруы, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру	13.10
		-Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға баулу	16.10
		-Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу	20.10
		-Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету	23.10

			Шығармашылық жұмыс	27.10	
Қазан	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;	06.10	
		Мүсіндеу	- аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру		
		Жапсыру	-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру		
		Құрастыру	- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру		
		Сурет салу	- балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;	13.10	
		Мүсіндеу	- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру,мүсіндету		
		Жапсыру	- шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу		
		Құрастыру	- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан , шығармашылықпен құрастыруға баулу.		
		Сурет салу	- балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру;		20.10
		Мүсіндеу	- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету		
		Жапсыру	-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді пішіндегі заттарды қию.		
		Құрастыру	- тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.		
		Сурет салу	- тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өреппен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету	27.10	
	Мүсіндеу	-табақты мүсіндеу			
	Жапсыру	-геометриялық пішіндерден табак қию			
	Құрастыру	- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.			

Қазан	Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру	03.10
		- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.	06.10
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту	10.10
		- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту	13.10
		- музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру.	17.10
		- Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату.	20.10
		- Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау.	24.10
		- Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау	27.10
Қазан	Қазақ тілі	- көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету	02.10
		- жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	03.10
		-2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.	09.10
		- Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту	10.10
		-сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу	16.10
		-өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға	17.10
		-өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға	23.10 (24.10)

Білім беру ұйымы: «Оқжетпес орта мектебі»

Топ/сынып : Мектепалды даярлық 0 «ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі Қараша айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күні
Қараша	Дене шынықтыру	- кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;	06.11
		- Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу	08.11
		- допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);	09.11
		- гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу	13.11
		- әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту	15.11
		- Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру	16.11
		- екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	20.11
		- оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру	22.11
		- бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру	23.11
		- алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру	27.11
		- оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру	29.11.30.11
Қараша	Сөйлеу іс-амалы	- Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту	06.11

		- Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану,	08.11
		- Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару	13.11
		-бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру	15.11
		-Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту	20.11
		-әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу	22.11
		-табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау	27.11
		-сын есімдер мен үстеулерді қолдану.	29.11
Қараша	Көркем әдебиет	-диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру	09.11
		-Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу	10.11
		-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	16.11
		-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	17.11
		-Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау	23.11
		-рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру	24.11
		-Өлеңді мәнерлеп оқуға баулу	30.11
Қараша	Сауат ашу негіздері	- Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту	07.11

		- үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау	08.11
		- Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру	09.11
		- Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту	14.11
		- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру	15.11
		-Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.	16.11
		- үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды	21.11
		- Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту	22.11
		- Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.	23.11
		- «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту	28.11
		-Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.	29.11. 30.11
Қараша	Математика негіздері	Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту	07.11
		- Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту	08.11
		- Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), анықтау	09.11
		- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.	14.11
		- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.	15.11
		- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.	16.11
		- Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау	21.11
		- Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау	22.11
		- Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау	23.11

		- заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.	28.11
		- «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.	29.11.30.11
Қараша	Қоршаған ортамен таныстыру	-Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну	06.11
		-Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау	10.11
		-Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну	13.11
		-Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту	17.11
		-Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.	20.11
		-Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау	24.11
		-Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау	27.11
Қараша	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;	10.11
		Мүсіндеу - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу	
		Жапсыру - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру	
		Құрастыру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру	
		Сурет салу - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;	17.11
		Мүсіндеу - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.	
		Жапсыру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару	
		Құрастыру - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін	

			қайшыны қолдану.	
		Сурет салу	- ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету	24.11
		Мүсіндеу	- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау	
		Жапсыру	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру	
		Құрастыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару	
Қараша	Музыка		-Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету	07.11
			-Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.	10.11
			-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру	14.11
			-Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру	17.11
			-Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.	21.11
			-домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру.	24.11
			-Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау	28.11
Қараша	Қазақ тілі		- Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,	06.11
			- Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	07.11
			- Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	13.11
			- Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету	14.11
			- Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	20.11

		- қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру	21.11
		- ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету	27.11
		-ауызекі сөйлеуге баулу	28.11

Білім беру ұйымы: «Оқжетпес орта мектебі»

Топ/сынып : Мектепалды даярлық 0 «ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі Желтоқсан айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күні
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу	04.12
		-допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату	06.12
		-допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;	07.12
		- допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру	11.12
		- допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу	13.12
		- допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).	14.12
		- Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,	18.12
		-бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру	20.12
		- орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру	21.12
		- Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау	25.12
		- Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру	27.12
		- Түзу бағытта адымдап жүру.	28.12

Желтоқсан	Сөйлеуді дамыту	-табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,	04.12
		-бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру	06.12
		-қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу	11.12
		-қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу	13.12
		-Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу,	18.12
		-Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту	20.12
		-табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,	25.12
		-табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,	27.12
Желтоқсан	Көркем әдебиет	-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	01.12
		-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	07.12
		-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	08.12
		-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	14.12
		-Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру	15.12
		-Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту	21.12
		-кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.	
		-Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару	22.12
		- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	28.12

Желтоқсан	Сауат ашу негіздері	- Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.	05.12
		- Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету	06.12
		-Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.	07.12
		-Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту	12.12
		-сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту	13.12
		- Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну	14.12
		- Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу	19.12
		- сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.	20.12
		- Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету	21.12
		- Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай бастыру, бояу	26.12
		- Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу	27.12
		- тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу	28.12
Желтоқсан	Математика негіздері	-«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету	05.12
		-заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру	06.12
		- қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу	07.12
		- бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.	12.12
		- Теңдік туралы түсінік қалыптастыру	13.12
		- әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру	14.12
		- әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру	19.12

Желтоқсан		- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру	20.12
		- 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру	21.12
		- топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.	26.12
		- Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру	27.12
		- Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру	28.12
	Қоршаған ортамен таныстыру	-Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу	01.12
		-Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау	04.12
		-Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.	08.12
		-Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау	11.12
		-Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу	15.12
		-бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту	(кірікт18.12)
		-Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау	22.12
		-Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту	25.12

Желтоқсан	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру	01.12
		Мүсіндеу	- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).	
		Жапсыру	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу	
		Құрастыру	- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру	
		Сурет салу	- қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою- өрнектері туралы білімдерін кеңейту	08.12
		Мүсіндеу	- Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу	
		Жапсыру	- Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану	
		Құрастыру	- Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру	
		Сурет салу	- балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу	15.12
		Мүсіндеу	- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау	
		Жапсыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.	
		Құрастыру	- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру	
		Сурет салу	- Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін арттыру;	22.12
		Мүсіндеу	- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру	
		Жапсыру	- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады	
		Құрастыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау,	

Желтоқсан	Музыка	-Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу	01.12
		-Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру	05.12
		-Ән айту дағдыларын қалыптастыру	08.12
		-әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту	12.12
		-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту	15.12
		-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту	(кірікт.19.12)
		-Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету	22.12
		-Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.	26.12
Желтоқсан	Қазақ тілі	- Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу	04.12
